

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Филология факультеті
А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасы

«Қазақ тілі» пәні бойынша
қорытынды бақылау бағдарламасы
код К(Р)Үа, ID 1106

Фармация (6В10102), күндізгі, 1 Курс, ағылшын, (күзгі сем)
Стоматология (6В10113), күндізгі, 1 Курс, ағылшын, (күзгі сем)
Медицина (6В10114), күндізгі, 1 Курс, ағылшын, (күзгі сем)
білім беру бағдарламалары
бакалавриат

Курс – 1
Семестр – 1
Кредит саны – 5

Алматы 2025

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын аға оқытушы Төлесова Назым Әділбекқызы құрастырды.

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы фармация (6В10102), стоматология (6В10113), медицина (6В10114) білім беру бағдарламасы негізінде әзірленді.

А. Байтұрсынұлы атындағы қазақ тіл білімі кафедрасының отырысында қаралып ұсынылды. Хаттама №1. 29.08. 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі  Ә.Ж. Әміров

1. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН) Пәнді оқыту нәтижесінде білім алушы қабілетті болады	ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)
<p>Пәннің мақсаты - Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде маңыздылығы мен құндылығын арттыруды, болашақ маман иесінің қазақ тілін қоғамдық өмірдің әлеуметтік-мәдени, кәсіби салаларында қарым-қатынас құралы ретінде қолданып, ұлттық дүниетанымды қалыптастырушы әрі сақтаушы құндылық ретінде бағалаушы көзқарасын қалыптастыру.</p>	<p>1. Қарым-қатынаста кез келген тақырыпта еркін сөйлеп және сауатты жазып, ойын дәлелді айтып, талқыға түсіп, күрделі сұхбат түрлеріне, пікірталастарға қатысу, үгіт-насихат, ақпараттық сөз түрлерін, көпшілік алдында сөйлеу іскерлігін меңгерту пікірлесе білуге, түйінді ой айта білуге қабілетті болады;</p>	<p>1.1. Тілді меңгерудің жетік деңгейіне арналған фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тілдік бірліктерді нақты коммуникативтік жағдаяттарда жұмсауды үйренеді;</p>
	<p>2. Тілдің, мәдениеттің, қарым-қатынас саласы ерекшеліктеріне сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жағдайларында құзыреттілік танытуға; пікірталастарда этикалық, мәдени, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға, өз көзқарасын білдіруге, оны дәлелді түрде қорғауға, әңгімелесушілердің пікірін сыни бағалауға;</p>	<p>1.2 Жетік деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерді сақтай отырып, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алады</p>
	<p>3. Әртүрлі жанрадағы мәтін түрлерін оқып, түсініп, негізгі және көмекші ақпараттарды ажыратуға, мәтіндерді мағыналық бөліктерді талдап, саралауға, негізгі ойды тұжырымдауға, тұтас мәтіннің және оның жеке құрылымдық элементтерінің қорытынды бөлімдерін сипаттауға, өзіндік ой-қорытынды жасауға;</p>	<p>2.1. Қазақ тілінде әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға қатыса алады;</p>
		<p>2.2. Өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін (тұрмыстық, оқу, әлеуметтік, мәдени, кәсіби бағдарлы) жүзеге асыра алады, оларды этикалық жағынан дұрыс, мағыналы толық, лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда жеткізе алады;</p>
		<p>2.3. Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттеріне баға бере алады, өз көзқарасын білдіре алады, оны дәлелдей алады;</p>
	<p>3.1. Өзіне қажетті ақпаратты іздеудің түрлі стратегияларын қолдана алады, сөздердің мәнін тексеру және оқығанды терең түсіну үшін қағаз және электронды</p>	
<p>3.2. Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптардағы мәтіндердің негізгі мазмұнын түсінеді және олардан негізгі/қосымша ақпаратты белгілей алады;</p>		

		3.3 Мәтіннің әрбір бөліктерін, қорытындысын сипаттап бере алады, бөліктерге бөліп тұжырымдай алады;
	4. Қазақ тілінде әртүрлі мақсаттағы хат-хабарлар жазуға, мақала, аннотация, тезис жазуға, өз қызығушылығына қарай мақала түрлерін, эссе түрлерін, ақпараттық талдау, сараптамалық мақала түрлерін жазуға;	4.1. Әр түрлі мақсаттағы іс қағаздарын сауатты толтырып, жазылым дағдысын толық жетілдіреді; 4.2. Түрлі тақырыпқа эссе жазудың құрылымын, аннотация, тезис, мақала жазуды үйренеді; 4.3. Мәтін құруда қазақ тілінің тілдік ерекшеліктерін, ережелерін, нормаларын таным-түсінігін ескере біледі;
	5. Қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрауға және хабарлауға, қатысушылардың іс-әрекеттеріне баға беруге, таным мен қарым-қатынас жағдайында әңгімелескен адамға әсер ету құралы ретінде ақпаратты пайдалануға;	5.1. Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай алады; 5.2. Түрлі дереккөздерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамды дәлелдер арқылы сендіре алады; 5.3. Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алады және прагматикалық талдау жасай алады;
Пререквизиттер	Қазақ тілінің В1 деңгейі	
Постреквизиттер	Қазақ тілінің В2-1 деңгейі	
Оқу ресурстары	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <p>1. Досмамбетова Г.Қ., Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Сейсенова А.Д. Қазақ тілі: қарапайым деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана, 2012. -164б.</p> <p>2. Салқынбай А.Б., Егізбаева Н.Ж. Қазақ тілі. Базалық деңгей: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.</p> <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <p>1. Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы. – Астана, 2017. - 282 б.</p> <p>2. Абдрахманова Ж.Ә. Қазақ тілі: Оқу құралы. – Алматы, 2015. - 112 б.</p> <p>3. Ерназарова, З.С. Күзекова, А.О. Тымболова. Қазақ тілін оқытуға арналған грамматикалық анықтағышы. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2012. – 300 б.</p> <p>4. Мұсаева Г. Қазақ тілі – шет тілі ретінде. Базалық деңгей: Оқу құралы. 1-кітап.– Астана:Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2015 – 242 бет.</p> <p>6. Күзекова З.С. Қазақ тілі. Грамматикалық жаттығулар жинағы. – Нұр-Сұлтан: 2020. -175 б.</p>	

7. Күзекова З., Ақбұзауова Б. Қазақ тілі: Бастапқы деңгей (А1): Оқу құралы. – Астана: 2018. – 122 б.

Интернет ресурстары:

1. Қазақ тілі шетелдіктер үшін.

<https://www.youtube.com/channel/UC4zbtSIXqFDJfAcPDn-Sc5Q> Қазақ тілін ағылшын тілі арқылы оқыту сабақтары. Мақсат Иманғазының видеоканалы.

2. <https://www.kaz-tili.kz/> «Казахский язык. Грамматика: просто о сложном». Т.Валяеваның қазақ тілін үйренуге арналған сайты. Сайтта грамматика, грамматикалық кестелер мен грамматикалық, практикалық жаттығулар берілген.

3. <https://tilqural.kz/> Қазақ тілін деңгейлік оқыту сабақтары.

4. <https://sozdik.kz/> Қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік.

5. <https://soilem.kz/> Орысшадан қазақша аудару.

6. <https://emle.kz/> Қазақ сөздерінің жазылуы, емлесі, орфографиясы, пунктуациясы туралы ақпарат.

7. <http://learn101.org/kazakh.php> Қазақ тілінің лексикасы (аудиосымен), грамматикасы, қазақша фразалар (аудиосымен) беріледі.

8. <http://qazaqtili.el.kz/kazak-tili/> Қазақ тілі. Қарапайым, орта, жоғары деңгейлер бойынша 12, 14, 10 тарау, 60 сабақ берілген.

9. <https://www.soyle.kz/> Soyletube - уроки казахского языка.

Разговорный казахский для начинающих. Видео-сабақтар.

Программалық жабдықтау:

1. <http://elibrary.kaznu.kz/tu> платформасы

2. google meet қосымшасы

Негізгі тақырыптар:

1. Сәлемдесу /Қоштасу
2. Танысу
3. Өзім туралы
4. Кім қай елден келді?
5. Қашан келді?
6. Сандар әлемі
7. Менің отбасым
8. Менің досым
9. Кімнің жасы нешеде?
10. Тәуелдік жалғауы, жіктік жалғауы.
11. Менің үйім
12. Менің бөлмем
13. Менің мекен жайым
14. Менің мінезім
15. Менің келбетім
16. Менің сүйікті кейіпкерлерім
17. Тәуелдік жалғауы, жіктік жалғауы
18. Уақыт/Сағат.
19. Жыл, ай, апта, тәулік атаулары

20. Ауа райы
21. Менің күн тәртібім
22. Қандай спортпен айналысасың?
23. Қандай спортшыларды білесің?
24. Қай жерде окисың?
25. Менің университетім
26. Кітапханада
27. Мамандықтар әлемінде
28. Менің мамандығым
29. Менің жұмыс орным.
30. Сенің мамандығың қандай? Қандай мамандықтарды білесің?

2. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР, СТАНДАРТТЫ ЖАЗБАША OFFLINE

2.1. Емтихан формасы: Стандартты жазбаша offline. Платформа: Univer АЖ

2.2. Жазбаша емтиханның мақсаты: пәнді зерделеу кезінде меңгерілген оқу нәтижелерін, дағдылар мен құзыреттерді, өз ойларын жазбаша нысанда қисынды баяндай білуін, өз көзқарасын дәлелді дәлелдеуді көрсету.

2.3. Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:

Жазбаша емтиханның бір билеті оқытылған курс бойынша оқу нәтижелерін анықтайтын және төменде сипатталған критерийлер бойынша бағаланатын 3 сұрақтан тұрады:

1-сұрақ - Курс теориясы мен тұжырымдамасын білу; баяндаудың қисындылығы. Курс мазмұнында баяндалатын теориялық ережелерді түсіну және мысалдармен растау.

2-сұрақ. Таңдаулы әдістеме мен технологияны жазбаша практикалық тапсырмаларға қолдану. Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені ашу және шешу.

3-сұрақ - Ұсынылған практикалық тапсырмаға таңдалған әдістеменің қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау. Жеке практикадан алынған нәтиженің негіздемесі.

2.4. Емтихан өткізу рәсімі.

2.4.1. Стандартты жазбаша offline емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

2.4.2. Жазбаша offline емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын кезекші оқытушы білім алушылардың жеке куәлігі бойынша жеке басын тексеруді жүзеге асырады, білім алушыларды келу парағында көрсетілген отырғызу орындарына отырғызады.

2.4.3. Жазбаша offline емтиханға студент орнына басқа адам келген жағдайда кезекші оқытушы осы Қағидаларды бұзғаны туралы тиісті акт жасайды.

2.4.4. Кешіккен білім алушылар емтиханға жіберілмейді.

2.4.5. Емтихан кезінде кезекші оқытушы білім алушылардың бекітілген нұсқаулыққа сәйкес мінез-құлық ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

2.4.6. Емтиханға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін кезекші оқытушы:

1) емтихан жұмыстарын жинайды;

2) әр жұмысқа жұмыс жазудың аяқталу белгісін жауап парақтарында - Х литерін қояды;

3) жауап парақтарын келу парақтарымен бірге деканат маманына шифрлауға ұсынады.

2.4.7. Шифрлау үшін жұмыстарды ұсыну кешіктірілген жағдайда тиісті акт жасалады.

2.4.8. Емтиханда білім алушыларға өздерімен бірге шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және қосалқы ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін басқа да техникалық және өзге де құралдарды пайдалануға тыйым салынады. Басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге, жауаптарға аты-жөнін немесе өзге де сәйкестендіру жазбаларын жазуға тыйым салынады.

2.4.9. Егер білім алушы емтиханға келіп, билет бойынша жауап беруден бас тартса, емтихан тапсыру «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.10. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.11. Білім алушы осы тармақтардың біреуін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысын жою актісі (бұдан әрі - Акт) толтырылады, пән үшін «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасы қойылады.

2.4.12. Емтиханда осы Ережені қайталап бұзғаны үшін білім алушы Әдеп жөніндегі факультет кеңесінің қарауына ұсынылады.

2.4.13. Пән бойынша қорытынды баға емтихан өткізілгеннен кейін 1 ай ішінде, оқушы қашықтықтан білім беру технологияларын және/немесе емтиханда мінез-құлық ережелерін қолдана отырып қорытынды бақылау жүргізу үшін нұсқаулықтарды бұзғаны анықталған жағдайда: шпаргалкаларды, ұялы телефондарды пайдалану, келіссөздер жүргізу және т.б.

Актіні толтыра отырып, бақылау бейнекамераларынан жазбалар негізінде жойылуы мүмкін. Актінің күші жойылуға және апелляцияға жатпайды.

2.4.14. Емтихандардағы барлық тәртіп бұзушылықтар білім алушының транскриптіне енгізіледі.

3. БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

Қорытынды бағаны есептеу формуласы:
 Қорытынды баға (ҚБ) = (% 1 + % 2 + % 3 + % 4 + % 5 + % 6)/К, мұнда % - критерий бойынша тапсырманың орындалу деңгейі,
 К - критерийлердің жалпы саны.

Қорытынды балды есептеу мысалы

№	Балл	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %
1.	Критерий 1	100			
2.	Критерий 2		75		
3.	Критерий 3			60	
4.	Критерий 4				45
5.	Критерий 5	100			
6.	Критерий 6	200	75	60	94
	Қорытынды %				
					200+75+60+94 = 429
					429 / 6 критерий = 71,5
					Қорытынды балл в % = 72

Есептеу кезінде алынған пайызды негізге ала отырып, бағалауды бағалау шкаласымен салыстыра аламыз.
 72 балл бағалау шкаласына сәйкес «Жақсы» санатына сәйкес келетін 70 балдан 89 балға дейінгі ауқымда болады.
 Осылайша, осы есептеу кезінде емтихан балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесіне сәйкес 72 «Жақсы» балға бағаланатын болады.

білім алушылардың оқу жетістіктерін оларды бағалау мен бағалаудың дәстүрлі шкаласына ауыстыра отырып есепке алу.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
 Академиялық комитетінің төрағасы

Сарсенбай Ж.А.

А. Байтұрсынұлы атындағы
 Қазақ тіл білімі кафедрасының
 меңгерушісі

Амиров А.Ж.

Аға оқытушы

Төлсева Н.Ә.

